

«Біздің дала – бай дала, алтын астық айнала»

Тәуелсіздік күніне орай «Агрофирма Қарқын» жылдық есеп беру кешін өткізді

Тәуелсіздіктің 31 жылдығына орай Соснов ауылдық округінде «Агрофирма Қарқын» ауыл шаруашылық күнін атап өтті.

Елімізде ауыл шаруашылық күнін көптеген маман иелері атап өтеді. Айта өтетін болсақ: агрономдар, комбайнерлер, трактористер, көлік жүргізушілері, бағбаншылар және де көптеген мамандық иелері. Осы жандардың тыңбай еңбек еткенінің арқасында, біз күнделікті сапалы азық-түлікті тұтынып отырмыз.

Ауылшаруашылық күніне орай ұйымдастырылған мерекелік жиын Харьков ауылының мәдениет үйінде өткізілді. Салтанатты шараны «Ақ Бота» бөбекжай-бақшасының тәрбиеленушілері тәтті дауыстарымен әуендесе, «Жұлдыз» халықтық би ансамблінің қыздары жиылған қауымға шашу шашып мерекелік шараның шымалдығы ашылды. Жиынға аудан әкімінің орынбасары Мирас Ахметов шақырылып, өз құттықтау тілегін білдірді.

- Биылғы жыл біздің аудан үшін өте жақсы деңгейде аяқталды. Жыл басынан бері



Мерекелік кеште ағайынды дуэт «BR0»



Мың бұралған бишілер «Жұлдыз» би ансамблі



Мерекелік кештің шырайын келтірген сиқыршы



Жаңа автокөлік иегерлері Алексей Чужук және Сағит Айнабаев

ауылшаруашылық өнімі 65 млрд, теңгені құрады. Бұл көрсеткіштерге «Қарқын» агрохолдингінің де қосқан үлесі өте зор. Биылғы жылы сіздердің кәсіптеріңізде 30 тоннаға жақын астық өндірілсе, 80 тонна майлы дақылдар және 96 тонна ет өндірілген. Бұл көрсеткіштердің барлығыда қызметкерлер-

дің тынымсыз еңбектері мен жылдар бойы жинаған тәжірибелерінің арқасында. «Қарқын» агрохолдингінің басшылары мен қызметкерлерінің кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын. Диқанның, малшының ауыр да тынымсыз еңбегі қашанда ыстық ықыласқа толы үкен

күрметке лайық. Сіздерге ерен еңбектеріңіз үшін шын жүректен алғысымды білдіремін! Қажырлы еңбектеріңізге жеміс, отбасыларыңызға бақ-береке тілеймін, - деді аудан әкімінің орынбасары Мирас Ермұханұлы.

Мирас Ахметов құттықтау сөз кезегінен кейін ауыл

тұрғындарын ерен еңбектері үшін марапаттау сәтін өткізді. Аудан әкімінің құттықтау грамотасымен Юрий Грошев, Василий Некрасов, Василий Гарьковенко, Дархан Жельдебаяв, Гаина Ложкина, Петр Вахмин, Владимир Городничий, Мақсұт Тулегенов, Павел Тарасенко, Ирина Соловей марапатталып ақшалай сыйлықтар табыс етілді.

Биылғы жылы «Үздік механизатор» атағын Алексей Богданов пен Данияр Байкуниров иеленсе, «Әкімшілік басқару қызметінің үздігі» деп Светлана Толстых, Галинұр Жылқайдаров танылды. «Үздік көлік жүргізуші» Болат Досанов және Артем Полицук марапатталды.

«Шаруашылықтың үздік мамандары» Дмитрий Винник, Сергей Якимов марапатталып, бағалы сыйлықтар табыс етілді.

Жыл сайынғы дәстүр бойынша зейнеткер қызметкерлерде құттықтау грамоталарымен марапатталып, көптеген сыйлықтарға ие болды. Солардың бірі: Қанат Байкуниров, Қанат Еришев, Александр Лукин, Вячеслав Марюхно, Марат Канжигалиев, Ермек Досмағамбетов, Николай Карагодин, Сайлау Бұқанов, Ольга Малых, Владимир Василенко, Марина Каванова, Васмирза Жумабаев марапатталды.

Сахнаға ауылшаруашылық және жер қатынастары бөлі-

мі басшысының орынбасары Сембай Сағындықов шығып, өзінің ақжарма тілегін білдіріп, Серік Бикенов пен Владимир Деменьтевті ауылшаруашылық және жер қатынастары бөлімінің мадақтау грамотасымен марапаттады.

Мерекелік жиын марапаттау сәтінен соң концерттік бағдарламаға ұласты. «Жұлдыз» халықтық би ансамблінің биші қыздары өздерінің мың бұралған билерімен көрерменді таңқалдырса, салтанатты жиынға арнайы шақырылған «Х-фактор 2021» жобасының жеңімпаздары ағайынды дуэт «BRO» өз өнерлерімен көрерменді тәнті етті. Қостанай қаласынан шақырылған Юлия Галич көңілді әуендермен жиылған жұртшылыққа көтеріңкі көңіл күй сыйласа, сиқыршы Сұлтан Биржанов көрермендермен бірге сыйқыр жасап, бірер минутқа ғажайыпқа толы елге саяхат жасады. Жез таңдай әншілер Ақмарал Туретбаева мен Арыстан Құрманов көрермен жүрегінен орын таба білді, ал Наурызбай Амирхамзин қоңыр үнді әрі екі шекті домбыраның күмбірлеуімен кинофильмдердің әуендерінен попури ойнап шықты.

«Қарқын» агрофирмасының басшысы Еркін Сайранұлы қызметкерлеріне өз алғысын білдірді.

- Біз жыл сайын жаңа

технологиялармен қатар жаңа техникаларды да қосып жұмыс жасап келеміз. Уақыт өткен сайын көптеген жақсы нәтижелер көрсетіп, біраз асуларды да асып жатырмыз. Әрбір жетіп жатқан жетістіктеріміздің барлығыда ұжым болып бірігуі мен бір-бірімізге деген қолдауымыздың арқасында деп білемін. Біздің алға қойған жоспарларымыз бен мақсаттарымыз өте көп. Сол мақсат пен армандарымызға сіздермен, ұжыммен бірге жетеміз деген ниеттемін. Баршаңыздың отбасыларыңызға амаңдық, дендеріңізге саулық тілеймін, - дейді агрофирма басшысы.

Жиынның басты әрі бағалы сыйлығы екі жеңіл автокөлік болды. Агрофирманың басшысы Еркін Бұқанов жыл сайынғы дәстүрі бойынша үздік деп танылған қызметкерлеріне көлік сыйлайды. Жылдағы дәстүр бұзылмай биылда екі көліктің иелері анықталды. Олар Чужук Алексей және Айнабаев Сағит, жаңа автокөліктің иелері атанды.

«Агрофирма Қарқын» әрдайым өз қызметкерлері мен жұсшыларына қамқорлық пен қолдау көрсетіп, ауыл тұрғындарына лайықты жағдай жасауда. Басшыларына риза болған халық тынымсыз еңбек пен төгілген маңдай тердің арқасында өз ауылдарын көпке үлгі ретінде танытуда.

Ақжан БАЙТҰРСЫНОВА



«Нан болса ән де болар» деп ұрандатқан мекен